

## Астық қолхаттарын ұстаушылардың мемлекеттік электрондық тізіліміне деректерді берудің нысандарын, көлемін және мерзімділігін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 2016 жылғы 23 маусымдағы № 276 және Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2016 жылғы 29 маусымдағы № 348 бірлескен бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылы 15 шілдеде № 13936 болып тіркелді

«Астық туралы» 2001 жылғы 19 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 12-2) тармақшасына, 13-1-бабы 1-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫЗ:**

### 1. Қоса беріліп отырған:

1) осы бірлескен бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес астық қабылдау кәсіпорындары бойынша, сондай-ақ олардың жылдық қаржылық есептіліктері және аудиторлық есептері бойынша астық қолхаттарын ұстаушылардың мемлекеттік электрондық тізіліміне деректерді беру нысаны мен көлемі;

2) осы бірлескен бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес астық қолхаттарын ұстаушылардың мемлекеттік электрондық тізіліміне деректерді беру мерзімділігі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Өсімдік шаруашылығы өнімдерін өндіру мен қайта өңдеу департаменті заңнамада белгіленген т ә р т і п п е н :

1) осы бірлескен бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бірлескен бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесінің мерзімді баспа басылымдарына және «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесіне ресми жариялауға, сондай-ақ Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін бес жұмыс күні ішінде Республикалық құқықтық ақпарат орталығына жіберілуін;

3) осы бірлескен бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында және мемлекеттік органдардың интранет-порталында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бірлескен бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы және Қазақстан Республикасының Қаржы вице-министрлеріне жүктелсін.

4. Осы бірлескен бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі, бірақ 2016 жылғы 23 шілдеден бұрын қолданысқа енгізілмейді.



Бірінші басшының тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)	Бірінші басшының ЖСН	Б а с бухгалтердің тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)	Б а с бухгалтердің ЖСН	Қаржылық есептілік / аудиторлық есеп кезеңі	Қаржылық есептіліктің /аудиторлық есептің сипаттамасы	Қаржылық есептілікті бекіту күні	Аудиторлық есепті күні	Аудитордың БСН	Аудитор атауы
10	11	12	13	14	15	16	17	18	19

*Ескертпе:*                          *аббревиатуралардың толық жазылуы:*  
*ЖСН - Жеке сәйкестендіру нөмірі*

*БСН – Бизнес-сәйкестендіру нөмірі*

Қазақстан Республикасы

Ауыл шаруашылығы министрінің

міндетін атқарушының

2016 жылғы 23 маусымдағы № 276. және.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің

2016 жылғы 29 маусымдағы № 348.

бірлескен бұйрығына

2-қосымша

### **Астық қолхаттарын ұстаушылардың мемлекеттік электрондық тізіліміне деректерді беру мерзімділігі**

№	Астық қолхаттарын ұстаушылардың мемлекеттік электрондық тізіліміне берілетін деректердің атауы	Деректерді беруді және/немесе оларға қолжетімділікті қамтамасыз ететін мемлекеттік орган	Беру нысаны	Беру мерзімі
1	2	3	4	5
	Астық қабылдау кәсіпорындары бойынша, сондай-ақ олардың жылдық қаржылық есептіліктері және аудиторлық есептері бойынша	Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік саласында қызметті реттеуді жүзеге асыратын мемлекеттік орган	Электрондық нысанда	Күн сайын, ведомстволық ақпараттық жүйеде есепке алу объектісімен іс-қимыл жүргізілген күннен бастап